

Алатау ауылдық округіне қарасты Қосағаш ауылында Сах Әбдікерімұлы көшесіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігі Алатау ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 28 мамырдағы № 05 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 17 маусымда № 2313 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы Алатау ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы Алатау ауылдық округі әкімінің 19.07.2013 № 10 шешімімен.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан аумақтық инспекциясының Төлеби аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2013 жылғы 04 мамырдағы № 01-13/145 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Алатау ауылдық округіне қарасты Қосағаш ауылында қаңғыбас иттің құтыру ауруы пайда болуына байланысты Сах Әбдікерімұлы көшесіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алатау ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы Д.Утебаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

Е.Айтжанов